



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы «31» 08
Жаңатаң ауылы

№ 32

«31» 08 2022 г
с.Жанатаң

2022-2023 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 363 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім 26.08.2022 жылғы № 270 бұйрығы негізінде Байғанин аудандық білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарында 2022 – 2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

- 1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленсін.
- 2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.
- 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан -2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында) 1 сыныптарда 7 күн мерзімде (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленеді.
- 4) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісінің меңгерушісі Е. Кемешовке міндеттелсін.

Мектеп директоры:



Н.К. Дауылбаева